**№3 Мәртөк ЖОББМ 2 «А» класс жетекшісі Кадырова Узиль Айтбаевнаның 2023-2024 оқу жылының атқарылған тәрбие жұмысының жылдық**

**Есебі**

**Жыл басында тәрбие жұмыстарының жоспарлары жасалынып, оқушыларға таныстырылды.** 2023-2024 оқу жылы көлемінде атқарылатын жұмыстар туралы сынып жиналысында айтылып, біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар құрылып, бекітілді. Жыл басында сыныпта 14 оқушы оның 5 қыз 9 ұл бала. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, көп балалы отбасы – 7 оқушы, тұрмысы төмен отбасы – 1 оқушы.

Апта сайын оқушыларға өмір қауіпсіздігі ережелері, жолда жүру ережелері, кешкі уақытта көшеде жүруге және басқа жерлерде ата – анасыз жүруге болмайтыны ескертілді.

Сынып оқушылары мектепте өткізілген іс -шараларға, жарыстарға белсене қатысты.

Оқушылардың арасында сабақтан себепсіз қалған, оқу құралдары түгел болмаған, формасы талапқа сай емес оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Сыныптың білім сапасы, оқу үлгерімі, тәртібін бақылау мақсатында пән мұғалімдерінің сабақтарына қатыстым. Оқу мотивациясы төмен оқушылардың алғашқы кезімен соңғы кездерін анықтай отыра, мадақтама айтылды, олар дарынды оқушыларға біріктірілді. Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша оқушыларға тапсырмалар беріліп, сол бойынша жұмыстар атқарылды.
Сынып сағаты әр аптаның дүйсенбі күні өткізіледі. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша сынып сағаттар өткізілді:

I тоқсанда **1қыркүйек-білім күні**«Мектеп–мейірім мекені»





Оқушылардың денсаулығына жеке дара көңіл аударылды. Әр апта сайын оқушылардың күнделік дәптерлері тексеріліп, баға қоры есептелінді. Жоспар бойынша сыныппен іс шаралар өткізілді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылап тұрдым.

25-қазан Республика күні.






Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепішілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. «Тәуелсіздік күні» мерекелік концертке, «Жаңа жылдық шырша» мерекелеріне, «Күзгі жәрмеңке», қатысып отырды.

Ата- аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.










Әр тоқсан соңында ата – аналар жиналысы өткізіліп отырды және тәрбие сағаттары өз уақытында өткізілді «Тәуелсіздік тірегі» «Жасыл шырша жанында», «Ана біздің гүліміз», «Әз Наурыз», «1 Мамыр достық», «7 – 9 Мамыр жеңіс» мерекелік іс шаралар өз уақытында өткізілді













**«БІЛІМІМ ОТАНЫМА»** тақырыбында 24-мамыр мектебімізде бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

**Мақсаты:** балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу.

2 «А» сыныбында тәрбие сағаты өз деңгейінде өткізіліп, оқу жылына қорытынды жасалды. Жыл бойы алғырлығымен, білімімен көзге түскен оқушылар Алғыс хаттарымен марапатталды.









**Сынып жетекші:** Кадырова У.А.